ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«Бекітемін»
Педагогика және психология
институтының Кеңесі
«27» сәуір 2018 ж. № 9 хаттама

Б.А.Әлмұхамбетов

«6М010300- Педагогика және психология» мамандығы бойынша

# ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылдың 23 тамызындағы № 1008 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі негізінде даярланды.

**Құрастырушылар: пед.ғ.д. Көшербаева А.Н., псх.ғ.д. Сангильбаев О.С., пед.ғ.к. Жүндібаева Т.Н.**

Педагогика және психология кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды:
№ _9__ хаттама, 27.04.2018 ж.

Кафедра меңгерушісі: ____________ Көшербаева А.Н.

ПжПИ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары ____________ Ақжолова А.Т.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Педагогика және психология институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 9 хаттама, « 27 » __04__2018 ж.

Алматы, 2018

**2018-2019 оқу жылына**
**6D010300– «Педагогика және психология» мамандығы бойынша**
**магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы**

## «ПЕДАГОГИКА» ПӘНІ

### 1 бөлім. Педагогикалық мамандыққа кіріспе

#### 1-тақырып. Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі

Заманауи мәдениеттегі білім берудің орны мен рөлі. Білімнің әлеуметтік мәні. «Білім берудің» үш түрлі мағынасы. Білім беру құндылық ретінде.

Қазіргі білім беру парадигмасы: нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы. Білім беру саласындағы өзгерістерге әсер ететін факторлар. Дүниежүзілік білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттары.

Білім беру жүйесі туралы түсінік. ҚР білім беру жүйесінің заңнамалық негіздері. ҚР білім беру жүйесінің құрылымы. ҚР инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы.

#### 2-тақырып. Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы

Кәсіп және мамандық туралы түсінік. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы. Педагогикалық мамандықтың өзгешелігі, оның гуманистік сипаты. Мұғалім еңбегінің профессиограммасы – мұғалім тұлғасының моделі ретінде.

Педагогикалық іс-әрекет – әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мәні, құрылымы мен мазмұны. Педагог-мұғалім және тәрбиеші іс-әрекетінің ерекшеліктері. Педагогикалық іс-әрекеттің функциялары.

#### 3-тақырып. Педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі

Мұғалім тұлғасына қойылатын қазіргі талаптар. Педагогикалық бейімділік пен педагогикалық қабілеттілік педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық негіздері. «Құзыреттілік», «құзырет», «құзыреттілік тәсіл», «мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні. Кәсіби құзыреттілік және педагогикалық шеберлік. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың шарттары және негізгі психологиялық-педагогикалық алғышарттары.

#### 4-тақырып. Педагогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары

«Үздіксіз білім беру» ұғымының мәні. Тұлғаға үздіксіз білім беру – қоғамның тұрақты дамуының шарты. Үздіксіз білім алу – тұлғаның кәсіби сұраныска ие болу және болашақ маманды дайындаудағы құзыреттілік тұрғыда оқытуды іске асыру факторы. Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі үздіксіз білім алудың мәні.

Педагогикалық карым-қатынас – педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігінің негізі. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері. Педагогикалық қарым-қатынасты орнатуға қойылатын талаптар.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты. Мұғалімнің сөйлеуіне қойылатын этикалық талаптар.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу қазіргі мұғалім тұлғасын дамыту факторы ретінде, оның ерекшеліктері. Педагогтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру, оның құралдары, формалары, әдістері.

Педагогикалық рефлексия - өзін-өзі тәрбиелеудің негізі. Өздігінен білім алу – қазіргі заман жағдайында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормасы және түрі.

### 2-бөлім. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері

#### 1-тақырып. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде

Педагогика ғылымы жөнінде жалпы түсінік. Педагогиканың даму кезеңдері. Педагогиканың нысаны, пәні, қызметтері. Педагогиканың категориялық аппараты. Педагогикалық ғылымдардың жүйесі. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Педагогика ғылымының дамуы мен қалыптасуы. Көне заманнан қазіргі күндерге дейін Қазақстандағы педагогика ғылымының даму тарихы.

**2-тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері**

Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік. Педагогика әдіснамасының деңгейлері. Философиялық заңдар, заңдылықтар. Таным теориясы. Басқару теориясы. Тұлға теориясы. Құндылықтар теориясы. Ғылыми-педагогикалық зеттеулер мәні мен мазмұны. Педагогика ғылымының әдістері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің технологиясы.

**3-тақырып. Жеке тұлға тәрбиесінің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасу факторлары**

«Тұлға», «адам», «индивид» «даралық» ұғымдары және олардың ара қатынасы. Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдарына және олардың арақатынасына сипаттама. Тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға әсер ететін факторлар. Іс-әрекет пен қарым-қатынастың тұлғаның дамуындағы және қалыптасуындағы рөлі. Өзін-өзі тәрбиелеу – тұлғаның дамуы мен қалыптасуының шарты, нәтижесі. «Тұлғаның өзін-өзі дамытуы» түсінігі. Жеке тұлға дамуының жас ерекшелігі туралы түсінік, оның табиғи әлеуеті. Білім алушылардың жеке тұлғалық дамуындағы жас ерекшелік кезеңдері, жастық кезеңдерге сипаттама. Акселерация. Білім берудегі инклюзивті тәсіл және оны Қазақстанда іске асыру жолдары.

**3-бөлім. Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы**
**1-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістің жүйе құраушы компоненттері**

**1-тақырып. Тұтас педагогикалық үдерістің мәні мен құрылымы**

Тұтас педагогикалық үдеріс ұғымы (П.Ф.Каптеров, Н.Д. Хмель, В.А. Сластенин және т.б.). Педагогикалық үдерістің белгілері мен сапа-қасиеттері. Педагогикалық үдерістің құрылымы мен компоненттері, қызметтері. Қарама-қайшылық – педагогикалық үдерістің қозғаушы күші. Педагогикалық үдерістің тәрбиелік механизмдері – педагогтар мен оқушылар арасындағы, ұжым ішіндегі қарым-қатынастар жүйесі.

**2-тақырып. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі**

Тәрбие мақсаты – нақты тарихи құбылыс. Педагогикалық ойлар тарихындағы тәрбие мақсаты туралы мәселелер. Тәрбие мақсатының – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Әлемдік және ұлттық мәдениет – тәрбие мақсатын анықтаудың әдіснамалық негізі.

**3-тақырып. Ғылыми дүниетаным –оқушының интеллектуалды дамуының негізі**

Дүниеге көзқарас қалыптастырушы тұлғаның негізі. Оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру. Көзқарастың маңызы, қызметтері, түрлері, мәні мен құрылымы.

**2-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбие**

**1-тақырып. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны.**

Тәрбие теорияның пәні, міндеттері мен қызметі, Тәрбие үдерісінің мәні мен ерекшеліктері. Қазақстанның тәрбие тұжырымдамасы. Тәрбие түрлері. Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары туралы түсінік. Тәрбие ұстанымдарына сипаттама. Тәрбие мазмұнының мәселелері. Азаматтық және патриоттық тәрбие, құқықтық және ақыл-ой тәрбиесі, экологиялық және адамгершілік тәрбиесі, Экономикалық және еңбек тәрбиесі.

**2-тақырып. Тәрбиенің құралдары мен формалары, әдістері**

Тәрбиенің формалары мен құралдары және олардың өзара байланысы.

Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерін топтап бөлу. Тәрбие технологиясы.

**3-тақырып. Отбасы тәрбиесінің негіздері**

Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторлары және белсенді субъектісі. Отбасы тәрбиесінің нормативтік-құқықтық негіздері. Отбасының қызметтері, типтері. Ата-ананың педагогикалық мәдениеті. Отбасы және мектептің ынтымақтастығының формалары. Отбасы мен педагогикалық ұжым жұмысындағы сынып жетекшісінің рөлі.

**3-тарау. Оқыту –тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі теориясы.**

**1-тақырып. Оқыту үдерісінің маңызы**

Дидактика - оқыту және білім беру теориясы. Дидактиканың негізгі ұғымдары. Оқыту үдерісінің мәні. Оқыту үдерісінің құрылымы, негізгі кезеңдері. Оқытудың әдіснамалық негізі. Оқытудың заңдары, заңдылықтары және ұстанымдары.

Оқытудың психологиялық негізі. Оқытудың психологиялық теориялары: ассоциативтік-рефлекторлық, ақыл-ой әрекеттерін сатылап қалыптастыру және т.б. 12- жылдық мектептегі оқытудың өзіндік ерекшеліктері. Қазіргі мектептегі электронды оқыту жүйесі.

**2-тақырып. Қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негіздері**

«Білім мазмұны» ұғымы. Білім мазмұнының теориялары. Білім мазмұнына қойылатын талаптар. Білім мазмұнын іріктеу факторлары және көздері. Білім мазмұнын ізгілендіру, этнопедагогикаландыру. Функционалды сауаттылық – тұлғаның өмір тіршілігінің әр түрлі саласындағы міндеттерді шешу нәтижесі және негізі. Бейіндік оқытудың мазмұнының ерекшеліктері. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттарға сипаттама: білім беру стандарттары, базистік оқу жоспары, оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер.

**3-тақырып. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары ТПҮ-нің (Тұтас педагогикалық үрдеріс) қозғаушы механизмі ретінде.**

Оқыту құралдары туралы түсінік. ТПҮ-тің оқыту құралдары –іс-әрекет түрлері (ойын, таным, еңбек, қарым-қатынас) Дидактикадағы дәстүрлі оқыту құралдары және оларға сипаттама. Оқытуды ұйымдастырудың формалары. Сабақ-мектептегі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабақ типтері және құрылымы, формалары. Сабақты дайындау мен өткізудегі мұғалімнің рөлі. Сабаққа қойылатын талаптар. Сыныптан тыс оқу жұмысының формалары: пәндік үйірмелер, ғылыми қоғам, олимпиадалар, байқаулар және т.б.

**4-тақырып. Оқытудың әдістері**

Әдіс туралы жалпы түсінік. Оқытудың әдістерінің атқаратын қызметі мен міндеттері. Оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері. Оқытудың әдістерінің көптүрлілігі. Қазіргі заманғы дидактикада оқыту әдістерін жіктеудің сан алуан тәсілдері. Оқыту әдістеріне сипаттама. Оқытудың әдістері мен тәсілдері құралдарының өзара байланысы.

**5-тақырып. Оқытудағы диагностика және бақылау**

Оқыту сапасын диагностикалау. Үлгерім – оқушылардың оқу жетістігінің сипаттамасы. Оқу іс-әрекетінің нәтижесін бақылау және бағалау қызметтері. Бақылаудың түрлері, формалары, әдістері. Тест. Тестердің типтері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері, жүйесі. Ұлттық бірыңғай тестілеу – ҚР білім беру мекемелерінде білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижесін тексеру және бақылаудың соңғы кезеңі. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар.

**6-тақырып. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендіру**

Оқыту – оқушылардың танымдық іс-әрекеті. «Белсенді танымдық іс-әрекет», «түрткі», «ынталандыру» ұғымдары. Оқыту мотивтері. Мотивация және оқытудың табыстылығы. Танымдық қызығушылықтың оқу іс-әрекетіндегі рөлі. Оқушыларда танымдық қызығушылық пен ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру. Оқудың мотивтерін зерттеу және қалыптастырудың тәсілдері. Оқушылардың танымдық шығармашылық іс-әрекеті. Оқушылардың өз бетімен білім алуы, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігі, функционалдық сауаттылығы – олардың белсенді танымдық іс-әрекетінің нәтижесі.

**7-тақырып. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі оқыту технологиялары**

Педагогикалық технология туралы түсінік. «Әдістеме», «технология», «оқыту технологиясы» ұғымдарының арақатынасы. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамалары. Педагогикалық технологиялардың қызметтері. Педагогикалық технологиялардың түрлері.

Оқытудың дәстүрлі технологиясы, тұлғаға-бағдарланған, дамыта оқыту, проблемалық оқыту технологиясы, оқытудың модульдік технологиясы, қашықтықтан оқыту технологиясы, оқытудың ойын технологиясы т.б.

## Ұсынылатын әдебиеттер

**Негізгі әдебиет:**


1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаева Р.М. Педагогика. -Алматы, 2002- 384 б.
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. –Алматы: Дарын, 2004-152б
3. С.Б.Бабаев, Ж.К.Оналбек. Жалпы педагогика. - Алматы, 2006.
4. Педагогика. Оқулық/Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университеті педагогика кафедрасының авторлар ұжымы-алматы:Print-S, 2005-429б.
5. Сабыров Т.С. Оқыту теориясы. Алматы-2000.
6. Жампеисова К.К., Кошербаева А.Н., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж. Педагогика. Учеб.пособ. для бакалавр. Алматы:ТОО «KazBookTrade», 2017.—С.358.
7. Жампеисова К.К., Кошербаева А.Н., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж. Теория и методика воспитательной работы. Учеб.пособ. для бакалавр. Алматы:ТОО «KazBookTrade», 2017.—С.308.
8. Копжаспирова Г.М. Педагогика.- М:Гардарики, 2007-528б.
9. Бекмамбетова Р.К. Дидактика. –Алматы, 2010.
10. А.К.Мыңбаева, З.М.Садвакасова. Инновационные методы обучения или Как интересно преподавать. А., 2011
11. Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы. - Алматы:«Экономика» баспасы ЖШС, 2014.-312 б.


**Қосымша әдебиеттер:**


1. Ж. Әбиев. Педагогика тарихы. –Алматы, 2006
2. В.А. Сластенин, И.Ф.Исаев т.б. Педагогика. Уч.пособие. –М.,2002
3. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. –Алматы, 2004
4. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. -Алматы, 2008.
5. Коджаспирова Г.М. Педагогика. -М.:Гардарики, 2007.
6. Пидкасистый П.И. Педагогика.-М.: Вышее образование, 2007.
7. Харламов И.Ф.Педагогика. -М.: Гардарики, 2007.


**<u>Анықтамалық әдебиеттер</u>**


1. Российская педагогическая энциклопедия в двух томах.-М., 1999
2. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. -М., 2000
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. -Алматы, 2002
4. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ. Педагогикалық сөздік. -Түркістан, 2006
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә.Нысанбаев/ 1-11 том. –Алматы, 1998


**<u>Нормативтік әдебиеттер</u>**


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Егеменді Қазақстан, 15-тамыз, 2007
2. Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы. Білім және ғылым министрлігі. -Астана, 2000
3. 2011-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдармасы

## «ПСИХОЛОГИЯ» ПӘНІ

**Пәннің қысқаша сипаттамасы.**

Психологияның қазіргі даму кезеңіндегі өзекті мәселелеріне – бұл оның теориялық-әдіснамалық негіздерін бекіту және кеңейту; зерттеудің жаңа әдістерін өңдеу; табиғи және жасанды (лабораториялық) жағдайларда адамның психикалық процестерінің дамуы мен жұмысының құрылымдарын зерттеу; өмірлік іс-әрекеттерінің субьектісі болып табылатын адамның жеке басының дамуын, құрылымдарының заңдылықтарын табу; барлық психологиялық ғылымдардың көпқырлы зерттеу тәжірибелерін жалпылау жатады.

**1 бөлім. Психологияға кіріспе**

**1-тақырып. Психология нысаны, пәні, жалпы міндеттері және зерттеу әдістері**

Психологияның зерттейтін нысаны, пәні және жалпы міндеттері. Тұрмыстық және ғылыми психологияның негізгі ерекшеліктері Психология гуманитарлы және жаратылыстану ғылыми пән ретінде. Психологияның ғылымдар жүйесінде орны. Психологияның тарихи даму кезеңдері. Психологияның салалары және зерттеу әдістері. Психологиялық қызметтің негізгі бағыттары.

**2-тақырып. Психика және сана**

Психика туралы ұғым. Ми және психика. Сананың пайда болуы және дамуы. Сана және санадан тыс психикалық процестер. Психологиядағы сана мәселесі. Қоғамдық және өзіндік сана. Сананың пайда болу шарты: ұжымдық еңбек іс-әрекеті және сөйлеу. Тұрмыстық және ғылыми психология туралы. Психиканық негізгі функциялары. Адам психикасының дамуында биологиялық және әлеуметтік байланыс.

**2 Бөлім. Тұлға іс-әрекеті мен қарым-қатынасы**

**3-тақырып. Іс-әрекет психологиясы**

**Іс-әрекет туралы жалпы түсінік.** Іс-әрекет түрлері және құрылымы. Іс-әрекеттің заттылығы. Практикалық іс-әрекет адам іс-әрекетінің бастапқы және негізгі формасы ретінде. Сыртқы және ішкі іс-әрекет.

**4-тақырып. Тұлға түсінігі.**

Тұлға – социогенездің субъектісі және объектісі. Тұлға - әлеуметтік феномен. Тұлғаға қатысты категориялар (адам, индивид, субъект, индивидуалдылық). Тұлғаның негізгі белгілері: белсенділік, саналылық, дербестік, жеке даралық. Тұлғаның жеке дара және әлеуметтік-типологиялық ерекшелігі. Тұлға туралы психологиялық теориялар.

**5-тақырып. Қарым-қатынас және топ психологиясы.**

Қарым-қатынас туралы жалпы түсінік. Қарым-қатынас қызметтері. Қарым-қатынас түрлері мен жақтары. Қарым-қатынастың түрлері. Топ және ұжым, олардың психологиялық анықтамасы.

Топтағы және ұжымдағы тұлғааралық қатынасттың сипаттамасы.

**3 Бөлім. Танымдық психикалық процестер**

**6-тақырып. Түйсік – бейнелеудің алғашқы процесі және қоршаған болмысты сезімдік тану ретінде.**

Түйсік сананың сезімдік ұлпасы ретінде. Түйсік және стимулға қатысты мінез-құлықтың бағдарлануы. Қозғалысты реттеудегі түйсіктің рөлі. Түйсінулердің классификациясы. Түйсіктің негізгі қасиеттері. Түйсіктің негізгі түрлері.

**7-тақырып. Қабылдау туралы жалпы түсінік.**

Қабылдау – сезімдік бейнелеудің орталық процесі. Қабылдау түрлері мен қасиеттері. Апперцепция.

**8-тақырып. Ойлаудың жалпы мәселелері.**

**Ойлау туралы ұғым.**

Ойлау және таным. Ойлаудың тікелей сезімталдық танымнан айырмашылығы. Ойлаудың әлемді тану мен өзгертудегі рөлі. Ойлау процесінің құрылымы мен динамикасы. Ойлау формалары мен операциялары.

**9-тақырып. Сөйлеудің адам өмірінде алатын орны.**

Сөйлеуді психологиялық талдау. Сөйлеудің түрлері мен қасиеттері. Сөйлеудің атқаратын негізгі қызметтері. Сөйлеу - тіл арқылы қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы.

**10-тақырып. Ес процесі туралы жалпы түсінік.**

Естің анықтамасы. Естің анатомиялық-физиологиялық негізі. Еске сақталатын материалға байланысты естің түрлері және процесстері. Есте сақтау тәсілдері.

**11-тақырып. Қиял туралы түсінік.**

Қиял процестері. Қиялдың негізгі функциялары. Творчество және қиял. Елес және қиял өткен мен болашақтың үлгісі ретінде.

**12-тақырып. Зейін.**

Зейін түсінігінің анықтамасы. Зейіннің физиологиялық негіздері. Басқа психикалық процестер және жағдайлармен салыстырғандағы зейіннің ерекшеліктері. Зейіннің түрлері. Зейіннің негізгі қасиеттері. Зейіннің дамуы.

**4 Бөлім. Тұлғалық қасиеттер**

**13-тақырып. Тұлғалық даралық-типологиялық қасиеттер.**

Тұлғалық жеке-типологиялық қасиеттер. Индивидуалдылық туралы түсінік. Индивидуалдылық адамның ерекше қасиеті ретінде. Темперамент. Мінез және мінез бітістері туралы түсінік. Қабілет түрлері мен деңгейлері. Қабілет және нышан арақатынасы.

**14-тақырып. Тұлғаның эмоциялық сферасы**

Эмоция және сезім. Эмоцияның мәні, құрылымы және қызметі. Эмоция сипаттамасы: модалдылық, интенсивтілік, амбиваленттілік, тереңділігі. Эмоциялық құбылыстардың әртүрлілігі. Сезім. Эмоциялық жағдайлар және оны эксперименттік зерттеу.

**15-тақырып. Ерік түсінігі.**

Ерік туралы жалпы түсінік. Ерік туралы теориялары. Еріктің негізгі түрлері. Ерікті іске асыру кезеңдері.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

**<u>Негізгі әдебиет</u>:**

12. Маклаков А.Г. Общая психология. М.: «ПИТЕР», 2010, 2015.
13. Алдамұратов Ә. т.б. Жалпы психология. Алматы, 1996. – 224 б.
14. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, «Қазақ университеті» 1993, 240 б.
15. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СП б.: Питер, 2005.
16. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.
17. Ждан А. История психологии. -М.: МГУ, 1980.

**<u>Қосымша әдебиеттер</u>:**

8. Айзенк М. Психология для начинающих. М., 2004
9. Климов Е.А. Общая психология. Общеобразовательный курс. М., 2001
10. Крысько В.Г. Общая психология в схемах и комментариях: Уч. пособие. СПб.: 2004.
11. Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. - М.: Смысл; КДУ, 2005.
12. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. - СПб.: Питер, 2005.
13. Хрестоматия по общей психологии. – М., 1980, 1990, 2000.
14. Гамезо М.В. и др. Атлас по психологии. – М., 1986, 2000.
15. Алдамұратов Ә, М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық – пркатикалық сабақтар. Алматы, 1999
16. Богословский В.В. Жалпы психология. Алматы, 1986
17. Жарықбаев Қ. Жантану негізі.. Алматы, 1999
18. Корнилов К. Н. Психология. Алматы, 1996
19. Немов Р.С. Психология. -М., 2002.
20. Гальперин П.Я. Введение в психологию. –М., 1999.
21. Годфруа Ж. Что такое психология:В 2-х томах. – М., 1992.
22. Аймауытов Ж. Психология. Оқу құралы. - Алматы, 1994.

**Интернет-сайты:**
1.http://psychology.ru;

**Анықтамалық әдебиеттер:**
1. **Большой** психологический словарь /Сост. и общ. ред. Б. Мещерякова, В. Зинченко. –СПб.: 2004. -672 с.
2. **Психология**: Энциклопедиялық сөздік. /Құраст. Қ. Жарықбаев, О. Сангилбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
3. Қ.Жарықбаев, О.Сангилбаев. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.
4. Большой толковый психологический словарь. / А.Ребер. М., 2003.
5. Конюхов Н.И. Словарь-справочник по психологии. -М., 1996.
6. Намазбаева Ж.И., Сангилбаев О.С. Орысша- қазақша психологиялық сөздік. Алматы: Print –S, 2005.